

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
КОМИТЕТІ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 2 наурыз

Отырысты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы Н. ТӨРЕҒАЛИЕВ жүргізді.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Комитет отырысын өткізу үшін кворум бар. Комитеттің кеңейтілген отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, бүгін кеңейтілген отырысымызға Zoom байланысы арқылы Білім және ғылым министрлігінен вице-министр Каринова Шолпан Таңатқызы, Ғылым комитетінен Құрманғалиева Жанна Дулатқызы, Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті төрағасының орынбасары Қарамбаев Жомарт Петрович, Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Оспанова Насымжан Жамбекқызы және Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті директорының орынбасары Нарбекова Бану Мұқатайқызы қатысып отыр.

Құрметті әріптестер, күн тәртібі барлығыңыздың алдарыңызда бар.

Басқа ұсыныстар болмаса күн тәртібін бекітіп алайық. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Жақсы.

Күн тәртібінде бір ғана мәселе қаралады, ол Қазақстан Республикасы Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы жөнінде.

Аталған заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз әріптесіміз, комитетіміздің мүшесі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловқа беріледі.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Құрметті Нариман Төреғалиұлы, құрметті әріптестер! Бірінші оқылымда осы заң жобасы бойынша Мамытбеков Еділ Құламқадырұлы толық баяндап берді.

Жалпы заң жобасы ғылыми, ғылыми-техникалық саладағы заңнаманы жетілдіруге және оның нәтижелерін коммерциализациялауға бағытталған.

Жалпы айтатын болсақ, 11 заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыр. Қолданыстағы бірқатар заңнамалық актілер «Ғылым туралы» Заңға сәйкес келтірілді.

Бірінші оқылым мен екінші оқылымның арасында өзгерістер мен толықтырулар депутаттардан түскен жоқ. Жалпы Білім және ғылым министрлігімен, Мәжілістің депутаттарымен де пікір алыстық, толығымен қолдап отыр.

Заң жобасын қабылдау бүгінгі күннің талабына толық сай келеді. Біздің экономикамыздың дамуына қажетті мүмкіндіктер береді деп ойлаймыз.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бірінші оқылымда қаралғаннан кейін депутаттардан толықтырулар келіп түскен жоқ. Сонымен бірге комитеттермен де пікір алыстық, олардан да өзгерістер мен толықтырулар болған жоқ.

Құрметті әріптестер, осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Бақытжан Тұрсынұлы.

Бүгінгі заң жобасын жан-жақты баяндап бердіңіз. Жалпы заң жобасы Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленген.

Бақытжан Тұрсынұлына сұрақтарыңыз бар ма? Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Өткенде де бұл мәселені қарадық. Жаңа Бақытжан Тұрсынұлы айтып өтті, сондықтан да заң жобасы бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді, бірнеше рет жұмыс тобының отырыстары өткізді, мәселе жан-жақты талқыланды, көптеген сұрақтарға жауаптар алынды, осы заң жобасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінің ешбірінен ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ. Сондықтан Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті заң жобасын Сенат отырысының қарауына екінші оқылымға енгізуді және оны қабылдауды ұсынып отыр.

Құрметті әріптестер, қарсылықтарыңыз бар ма? Келісесіздер ғой?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Онда шешім қабылданды.

Осымен комитет отырысын жабық деп жариялаймын және бүгінгі отырысқа қатысқан қонақтарымыздың барлығына рақмет айтамыз. Келе жатқан қыздарымыздың мерекесі құтты болсын. Аман болыңыздар. Рақмет.

КАРИНОВА Ш.Т. Рақмет.

Білім, ғылым саласы үшін осы заң жобасы өте қажетті, маңызды жоба. Келе жатқан барлық мерекелеріңізбен өздеріңізді шын жүректен құттықтаймыз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Шолпан Таңатқызы. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Әлеуметтік-мәдени даму және
ғылым комитетінің хатшысы

Н. Төреғалиев

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының инженерлік
орталығы» РМК директоры

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы

И. Шыныбаева